



Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы (Атырау қаласының сумен жабдықталуының және санитариясының пилоттық жобасы) Заем туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 5 қазан N 470-І

Вашингтонда 1999 жылғы 3 тамызда жасалған Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы (Атырау қаласының сумен жабдықталуының және санитариясының пилоттық жобасы) Заем туралы келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Заем N 4486 - KZ

Қазақстан Республикасы мен
Халықаралық Қайта Жаңарту және Даму Банкі
арасындағы
Заем туралы Келісім
(Атырау қаласын Сумен жабдықтау және санитариясының пилоттық жобасы)
1999 жылғы 3 тамыз

Заем N 4486 - KZ

Заем туралы Келісім

Қазақстан Республикасы (Заем алушы) мен Халықаралық қайта құру және

Даму Банкі (Банк) арасындағы 1999 жылғы 3 тамыздағы Келісім.

(А) Заем алушы сипаттамасы осы Келісімнің (Жоба) 2-қосымшасында келтірілген жобаның жүзеге асырылатындығына және басымдылығына көз жеткізгеннен кейін Жобаны қаржыландыруға көмек сұрап, Банкке өтініш жасағандығын

Назарға ала отырып, және

Банк, атап айтқанда, жоғарыда айтылғанының негізінде осы Келісімде айтылатын шарттармен және ережелермен Заем алушыға Заем беруге келісім бергендігін

Назарға ала отырып,

Тараптар осы Келісімде Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мына төмендегілер туралы келіседі:

I Бап

Жалпы ережелер: Айқындамалар

1.01 Бөлім

Банктің 1997 жылғы 2 желтоқсанда қоса алғандағы енгізілген өзгерістерімен бірге (Жалпы Шарттар) 1995 жылғы 30 мамырдағы "Заем туралы Келісімдерге қолданылатын Жалпы Шарттар мен Бірыңғай Валютадағы Заемдар үшін Кепілдіктер" осы Келісімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

1.02 Бөлім

Егер контекст басқаша талап етпейтін болса, Жалпы Шарттарда берілетін айқындама оларда көрсетілетін тиісті мағынада болады және кейінгі қосымша

терминдер мынадай мағынаға ие:

(a) "Қаржылық және Өндірістік Қызметтің Орындалуы туралы Жыл сайынғы Келісімдер" осы Келісімнің 3.01 (d) Бабына сай және дүркін-дүркін өзгерістер енгізілуі мүмкін осы келісімнің 7-қосымшасының 3-тармағында баяндалған немесе айтылған шарттарға сәйкес Жобаны Атырау Облыстық Әкімшілігімен және "Водоканал" ұйымымен орындау барысында жыл жасалатын қаржылық және өндірістік қызметтің орындалуы туралы нақты жылға арналған келісімді білдіреді.

(b) "Атырау Облыстық Әкімшілігі" Заем алушының Атырау Облыстық Әкімшілігін немесе оның кез келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(c) "Атырау қаласы" Заем алушының Атырау қаласын немесе оның кез келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(d) "СРК" Заем алушының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Су Ресурстары жөніндегі Комитетін немесе оның кез келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(e) "ҚМ" Заем алушының Қаржы Министрлігін немесе оның кез келген құқықтық мұрагерін білдіреді;

(f) "Жобаның Орындалуы туралы Келісім" 1999 жылғы дүркін-дүркін өзгерістер енгізіп отыруы мүмкін ҚМ, СРК, Атырау Облыстық Әкімшілігі мен Атырау қаласы арасындағы Жобаны орындауда функцияларды бөлу туралы келісімді білдіреді;

(g) "Жобаның Орындалуы мен Көмекші Заем туралы Келісім" дүркін-дүркін өзгерістер енгізіліп отыруы мүмкін осы Келісімнің 3.01 (d) Бабына сәйкес Атырау облыстық Әкімшілігі мен "Водоканал" ұйымы арасында жасалатын келісімді білдіреді және мұндай термин Жобаның Орындалуы мен Көмекші Заем туралы Келісімге және Қаржылық және Өндірістік Қызметтің Орындалуы туралы Жыл сайынғы Келісімдерге барлық қосымшаларды қамтиды;

(h) "ЖБЕ" осы Келісімнің 4.02 (a) Бөліміне сәйкес дайындалатын жобаны басқару туралы есепті білдіреді;

(i) "Жобаны Дайындауға арналған қарыз": 1998 жылғы 25 қарашада Банк атынан және 1998 жылғы 3 желтоқсанда Заем алушы атынан қол қойылған келісім-хатқа сәйкес Банктің Заем алушыға беретін жобаны дайындауға арналған қарызды білдіреді;

(j) "Арнайы шот" осы Келісімнің 2.02 (b) Бөлімінде айтылған шотты білдіреді;

(k) "Көмекші Заем туралы Келісім" дүркін-дүркін өзгерістер енгізіліп отыруы мүмкін осы Келісімнің 3.01 (d) Бөліміне сәйкес ҚМ мен Атырау Облыстық Әкімшілігі арасында жасалатын келісімді білдіреді және мұндай термин Көмекші Заем туралы Келісімге барлық қосымшаларды қамтиды; және

(l) "Водоканал" ұйымы: "Атырау Горводоканал" ұйымын, Атырау

Қаласында құрылған және 1991 жылғы 12 желтоқсанда Әділет министрлігінің

Атырау Облыстық Департаментінде тіркелген мемлекеттік қалалық кәсіпорынды немесе оның кез келген құқықтық мұрагерін білдіреді.

1.03 Бөлім

Жобаны ұйымдастыру-атқарушыға арналған Жалпы Шарттарға әрбір сілтеме "Водоканал" ұйымына сілтеме болып саналады.

II Бап

Заем

2.01 Бөлім

Банк Заем туралы Келісімде баяндалған немесе айтылған шарттар мен ережелер негізінде Заем алушыға он алты миллион бес жүз мың (16,500,000 АҚШ доллары) АҚШ долларына тең сомаға заем беруге келісім береді.

2.02 Бөлім

(a) Заем сомасы осы Келісімнің 2-қосымшасының ережелеріне сәйкес шеңберінде және заем қаржысынан қаржыландыруға жататын Жоба үшін қажетті және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлардың, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің сәйкес келетін құнына қатысты орын алатын (немесе, егер Банк оған келісім берсе, тұрса) шығыстар үшін Заем Шотынан ала алады.

(b) Заем алушы Жобаның мақсаты үшін Банк үшін қолайлы шарттармен және ережелермен коммерциялық банкте АҚШ долларында арнайы депозиттік шот аша және жүргізе алады.

Арнайы Шотқа арналған салымдар мен одан төлемдер осы Келісімнің 6-қосымшасының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

(c) Күшіне енгеннен кейін тез арада Банк Заем алушы атынан Арнайы Шоттан сома алады және алынған және өзіне мұндай күнге соманы төлеуге көрсетілмеген Жобаны Дайындауға арналған Қарыздың негізгі сомасын өтеу және ол бойынша барлық төленбеген алымдарды төлеу үшін талап етілетін

соманы төлейді. Жобаны Дайындауға арналған Қарыздың рұқсат етілген сомасының алынбаған қалдығы бұдан кейін күшін жояды.

2.03 Бөлім

Қорытынды Күні 2004 жылғы 30 қыркүйегі немесе Банк белгілейтін осындай неғұрлым кеш мерзім болып табылады. Банк мұндай неғұрлым кеш мерзім туралы тез арада Заем алушыға хабарлайды.

2.04 Бөлім

Заем алушы Банкке Заем сомасының бір процентін (1 %) құрайтын сомада комиссия төлейді. Күшіне Енген Күнін - күні немесе содан кейін тез арада Банк Заем алушының атынан жоғарыда аталған комиссияның сомасын Заем шотынан алады және оны өзіне өзі төлейді.

2.05 Бөлім

Заем алушы дүркін-дүркін алынбайтын Заемның негізгі сомасы бойынша жылына бір проценттің төрттен үшін құрайтын (1 %-тің 3/4) ставка бойынша несие беру міндеттемесі үшін Банкке комиссиялық төлейді.

2.06 Бөлім

(a) Заем алушы алынған және ЛИБОР базалық ставкасы қосылған ЛИБОР Жиынтық Спредіне тең Проценттер Есептелетін әрбір Кезең үшін ставка бойынша дүркін-дүркін төлеуге ұсынылмаған сомалар бар Заемның негізгі сомасы бойынша проценттер төлейді.

(b) Осы Бөлімнің мақсаттары үшін:

(i) "Проценттер Есептелетін Кезең" осы Келісім күнінен бастап Проценттерді бірінші Төлеу Күніне дейін қоса алғандағы, одан кейінгі күн - оны қоспағандағы және бастапқы кезеңнен кейін - Проценттерді Төлеу Күнінен бастап Проценттерді Төлеу Күнін қоса алғандағы, одан кейінгі күн - оны қоспағандағы бастапқы кезеңді білдіреді.

(ii) "Проценттерді Төлеу Күні" осы Келісімнің 2.07 Бөлімінде аталған кез келген

мерзімді білдіреді.

(iii) "ЛИБОР базалық ставкасы" Проценттер Есептелетін әрбір Кезеңге қатысты: негізделген Банк белгілейтін және жылға процентпен көрсетілетін Проценттер есептелетін мұндай Кезеңдегі бірінші күнгі баға бойынша алты айға арналған АҚШ долларындағы салымдар үшін банкаралық депозиттер бойынша ұсыныстардың (немесе - сөз Проценттер Есептелетін мұндай Кезеңнің бірінші күні немесе тікелей мұндай күнге сәйкес келетін күні болатын Проценттерді Төлеу Күнін - Күнгі баға бойынша Проценттер Есептелетін бастапқы Кезең туралы болған жағдайда) Лондондық ставкасын білдіреді.

(iv) "ЛИБОР Жиынтық Спреді" Проценттер Есептелетін әрбір Кезеңге қатысты мыналарды білдіреді:

(a) бір проценттің үштен төртін ($1\% - \text{тің } 3/4$);

(b) Проценттер Есептелетін мұндай Кезең үшін алынған (немесе қосылған) орташа өлшенген маржа банкаралық депозиттер бойынша ұсыныстардың Лондондық ставкаларынан немесе Банктің қарыз алуына қатысты алты айға арналған салымдар үшін өзге де бақылау ставкаларынан немесе заемдарды бірыңғай валютада қаржыландыру үшін Банк аударатын төлемге ұсынылмаған сомалар бар олардың бөлімдерінен немесе Заемды қамтитын олар беретін олардың бөлімдерінен төмен (немесе жоғары); бұл Банк негізделіп белгілегендей және жылына процентпен беріледі.

(c) Банк Заем алушыны тез арада олардың айқындауы бойынша Проценттер Есептейтін әрбір Кезең үшін ЛИБОР базалық ставкасы мен ЛИБОР Жиынтық Спреді туралы хабар етеді.

(d) 2.06 Бөлімде айтылатын проценттік ставканы белгілеуге ықпал ететін нарықтық тәжірибедегі өзгерістер болып жатқан жағдайда, Банк тұтас алғанда оның заем алушылары мен Банктің мүддесінде жоғарыда аталған Бөлімде көзделетін проценттік ставкадан өзге Заемға қолданылатын ставканы айқындау үшін негізді қолдануды белгілейді, Банк Заемға қолданылатын проценттік ставкаларды айқындау үшін негізді жаңа негіз туралы Заем

алушыға кемінде алты (6) ай бұрын хабарлай отырып өзгертуі мүмкін. Негіз хабарлама үшін мерзім өткеннен кейін күшінде болады, егер Заем алушы Банкке жоғарыда аталған уақыт ішінде мұндай негізге өзінің қарсылығы туралы хабарламаса мұндай жағдайда жоғарыда аталған өзгеріс Заемға қолданылмайды.

2.07 Бөлім

Проценттер мен басқа да алымдар әрбір жылдың 15 ақпаны мен

15 тамызында шоттар бойынша төленбеген сомалар бойынша жарты жылда бір рет төленуге жатады.

2.08 Бөлім

Заем алушы Заемның негізгі сомасын осы Келісімге 3-қосымшада келтірілген Заемды өтеудің бағанына сәйкес мерзімін ұзартып өтейді.

III БАП

Жобаны орындау

3.01 Бөлім

(а) Заем алушы Жобаның міндеттеріне қатысты өзін міндеттемелері туралы хабарлайды және бар талаптарға және күтілген нәтижелерге жетуіне сәйкес және осы тиісті әкімшілік, қаржылық, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты инженерлік және техникалық тәжірибеге сәйкес және қажеттілігіне қарай тез арада Жобаға байланысты талап етілетін қаражат, объектілер, қызмет көрсетулер мен өзге де ресурстар ұсынады.

(b) Заем алушы Заем туралы Келісімге сәйкес оның өзге де міндеттемелерін қандай да бір шектеусіз немесе қандай да бір өтінусіз Атырау Облыстық Әкімшілігі арқылы бар талаптарға және күтілген нәтижелерге жетуіне сәйкес және осы тиісті әкімшілік, қаржылық, қоршаған ортаны қорғаумен байланысты инженерлік және техникалық тәжірибеге сәйкес Жобаның А, В және С.1 Бөліктерін "Водоканал" ұйымын орындауды қамтамасыз етеді және "Водоканал" ұйымына мұндай міндеттемелерді орындау мүмкіндігін беру үшін қажетті немесе керек барлық шаралар қабылдайды және қабылдауды қамтамасыз етеді және мұндай орындауға кедергі келтіретін немесе бөгет болатын қандай да бір шаралар қабылдамайды және қабылдауға рұқсат етпейді.

(с) Осы Бөлімнің (а) және (b) тармақтарының ережелерін шектемей және Заем алушы мен Банк өзгеше келіскен жағдайларды қоспағанда, Заем алушы Жобаны ҚМ, СРК, Атырау Облыстық Әкімшілігі мен Атырау қаласы арқылы орындайды және "Водоканал" ұйымының Жобаның А,В және С.1 бөліктерін барлығы осы Келісімге 5-қосымшада мазмұндалған Жобаның Орындалуы туралы Келісімге және Орындалу Бағдарламасына сәйкес орындауын қамтамасыз етеді.

(d) Жобаның мақсаттары үшін Банк мақұлдаған шарттармен және ережелерде КМ мен Атырау Облыстық Әкімшілігі арасында жасалған көмекші заем туралы келісімге (

Көмекші Заем туралы Келісім) сәйкес Заем қаражатын Атырау Облыстық Әкімшілігіне қайта береді және Атырау Облыстық Әкімшілігі жұмыстарды қамтамасыз етеді және "Водоканал" ұйымы Заем алушы мен "Водоканал" ұйымы арасында жасалатын жобаның орындалуы мен көмекші заем туралы келісімге (Жобаның Орындалуы мен Көмекші Заем туралы Келісім) және Банк мақұлдаған шарттармен және ережелермен қаржылық және шаруашылық қызметтің орындалуы туралы жыл сайынғы келісімдерге (Қаржылық және Шаруашылық қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісімдер) сәйкес осы Келісімге 1-қосымшаның 1-тармағындағы кестеде (1) және (3) Санаттар бойынша дүркін-дүркін аударылатын Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар береді. Банкпен өзгеше шешім мұндай шарттар мен ережелер қабылдаған жағдайдан басқа жағдайларда, осы Келісімге 7-қосымшада баяндалған немесе айтылған шарттар мен ережелерді қамтиды.

Заем алушы өзінің құқығын Көмекші Заем туралы Келісімге, Жобаның Орындалуы туралы Келісімге сәйкес жүзеге асырады және Жобаның Орындалуы мен Көмекші Заем туралы Келісімге және Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Келісімге сәйкес Атырау Облыстық Әкімшілігімен өзінің құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, осылайша, Заем алушы мен Банктің мүдделерін қорғау және Заем мақсаттарын орындау үшін және Банк өзгеше шешім қабылдаған жағдайлардан басқа жағдайларда - Заем алушы қайта табыстауды, түзетулер енгізуді, күшін жоюды немесе Көмекші Заем туралы Келісімнен және Жобаның Орындалуы туралы Келісімнен бас тартуды болдырмауды және Атырау Облыстық Әкімшілігі қайта табыстауды, түзетулер енгізуді, күшін жоюды немесе Жобаның Орындалуы туралы Келісімнен және Көмекші Заем туралы Келісімнен және Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісімнен немесе оның қандай да бір

ережелерінен бас тартуды болдырмауды қамтамасыз етеді.

3.02 Бөлім

Банк өзге шешім қабылдамаған жағдайлардан өзге жағдайларда, тауарлар сатып алу, жұмыстарды қамтамасыз ету және консультанттардың Жоба үшін талап етілетін және Заем қаражатынан қаржыландырылатын өзінің қызмет көрсетулерін ұсыну осы Келісімге 4-қосымшаның ережелерімен реттеледі.

IV БАП

Қаржылық Міндеттемелер

4.01 Бөлім

(a) Заем алушы 1999 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей үнемі қолданылатын тиісті бухгалтерлік принциптерге сәйкес есеп құжаттары мен шоттарды қоса алғанда, қаржылық қызметті басқару жүйесін белгілейді және осыдан кейін тұрақты жүргізеді және Жобаға байланысты операциялардың, қаражат пен шығыстардың көрсетілуі бойынша талаптарға сәйкес Банк үшін қолайлы нысанда қаржылық есептер дайындайды.

(b) Заем алушы:

(i) осы Бөлімнің (a) тармағында айтылған есепті құжаттарын, шоттарды жүргізеді және қаржылық есептер мен аудиті Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар үнемі қолданған Банк үшін қолайлы аудит өткізудің тиісті стандарттарына сәйкес жүргізілген әрбір қаржылық жыл бойынша есеп құжаттары мен Арнайы Шот бойынша шоттар дайындайды;

(ii) Банкке мүмкіндігінше тез арада, бірақ, кез келген жағдайларда, мұндай әрбір жыл аяқталғаннан кейін алты айдан кешіктірмей:

(A) аудиті мұндай тәсілмен жүргізілген мұндай жыл бойынша осы Бөлімнің (a) тармағында айтылған қаржылық есептердің расталған көшірмелерін, және

(B) мұндай есептер, есеп құжаттары мен шоттар бойынша қорытынды және Банк негізделіп сұрау салған мұндай көлем мен осындай егжей-тегжейде жоғарыда аталған аудиторлар жүргізген осындай аудит туралы есеп береді;

және

(iii) Банкке және олардың аудитіне Банк дүркін-дүркін негіздеп сұрау салып отыратын жоғарыда аталған аудиторларға қатысты осындай есеп құжаттары мен шоттарға қатысты осындай басқа да ақпарат береді.

(c) Заем Шотынан қаражат алуға қатысты барлық шығыстар бойынша ЖБЕ немесе шығыстар туралы есептердің негізінде жүргізілді, Заем алушы:

(i) осындай шығыстарды көрсететін есептік құжаттар мен арнайы шоттарды осы Бөлімнің (a) тармағына сәйкес жүргізеді немесе жүргізуді қамтамасыз етеді;

(ii) Банк Заем Шотынан соңғы алу жүргізілген қаржы жылғы аудит туралы есеп алғаннан кейін кемінде бір жылдың ішінде осындай шығыстарды растайтын барлық есеп құжаттарын (келісім-шарттарды, тапсырыстарды, шот-фактураларды, жіберу қағаздарын, квитанциялар мен басқа да құжаттарды) сақтайды;

(iii) Банктің өкілдеріне осындай есеп құжаттарын қарауға уәкілеттік береді; және

(iv) осындай есеп құжаттары мен шоттар осы Бөлімнің (b) тармағында айтылған жылдық аудитке енгізілуін және мұндай аудит туралы есеп ЖБЕ жүгінуге

болатындығына не болмайтындығына қатысты жоғарыда аталған аудиторларға шығарылған арнайы қорытындыны құрайтындығын немесе осындай қаржы жылының ішінде олармен байланысты қаражат алуды растау үшін оларды дайындауда пайдаланылатыны ішкі бақылаудың рәсімдерімен және қаражатымен бірге берілген шығыстар туралы есептерді қамтамасыз етеді.

4.02 бөлім

(a) Осы Келісімнің 4.01 бөлімінің ережелерін шектеусіз Заем алушы оған 2000 жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей немесе Банк белгілейтін осындай неғұрлым кеш мерзімге әрқайсысында төмендегілер айтылатын Банк үшін қолайлы жобаны басқару туралы тоқсан сайынғы есептер (ЖБЕ) дайындауға мүмкіндік беру үшін белгіленген мерзімдерде банк үшін қолайлы жоғарыда аталған 4.01 бөлімінің (a) тармағында айтылған қаржылық қызметті басқару жүйесін күшейту жөнінде іс-әрекет жоспарын орындайды.

(i) (A) жиынтығында және жоғарыда айтылған есеп жататын кезең үшін іс жүзіндегі көздер мен Жоба үшін қаражатты қолданылуы және жоспарланып отырған көздер мен жоғарыда келтірілген есеп жататын кезеңнен кейінгі ұзақтығы алты ай кезеңге Жоба үшін қаражаттың қолданылуы туралы деректер айтылады, және

(B) жоғарыда келтірілген есеп пен жоғарыда келтірілген есеп жататын кезеңнен кейінгі ұзақтығы алты ай кезең ішінде Заем қаражатынан қаржыландыруға ұсынылатын шығыстар жататын кезең ішінде Заем қаражатынан қаржыландырылатын шығыстар жеке көрсетіледі;

(ii)(A) жиынтық түрде және жоғарыда келтірілген есеп жататын кезең

үшін Жобаны орындаудың іс жүзіндегі барысы сипатталады, және

(B) орындаудағы іс жүзіндегі және алдын ала болжамдалған бақылау сандар арасындағы алшақтықтар баяндалады, және

(iii) жоғарыда келтірілген есеп жататын кезең аяғында Заем қаражатынан қаржыландырылатын келісімшарттарға сәйкес Жобаға және шығыстарға байланысты сатып алулармен іс жағдайлары баяндалады.

(b) осы кезең үшін ЖБЕ-ні Заем алушы осы бөлімнің (a) тармағында айтылатын іс-қимыл жоспарын орындау бойынша Банкке қолайлы ережелерге сәйкес әзірлейді және күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін 45 күннен кешіктірмей Банкке тапсырады.

V БАП

Банкті Құқықтық Қорғау Құралдары

5.01 Бөлім

Жалпы Ережелердің 6.02 (р) Бөліміне сәйкес мынадай қосымша жағдайлар көрсетіледі:

(а) Көмекші Заем туралы Келісімге түзетулер енгізілді, оның әрекеті тоқтатылды, оның күші жойылды, тоқтатылды немесе бұл Атырау облыстық Әкімшілігінің Жобаны орындау мүмкіндіктеріне елеулі және жағымсыз кейіпте ықпал ететіндіктен одан бас тартылды;

(б) Жобаны Орындау туралы Келісімге түзетулер енгізілді, оның әрекеті тоқтатылды, оның күші жойылды, тоқтатылды немесе бұл ҚМ-нің, СРК, Атырау Облыстық Әкімшілігінің немесе Атырау Қаласының Жобаны орындау мүмкіндіктеріне елеулі және жағымсыз кейіпте ықпал ететіндіктен одан бас тартылды;

(с) Жобаны Орындау және Көмекші Заем туралы Келісімге түзетулер енгізілді, оның әрекеті тоқтатылды, оның күші жойылды, тоқтатылды немесе бұл "Водоканал" ұйымының Жобаның А, В, С.1 Бөліктерін орындау мүмкіндіктеріне елеулі және жағымсыз кейіпте ықпал ететіндіктен одан бас тартылды; және

д) "Водоканал" ұйымының тарапынан Жобаны Орындау және Көмекші Заем

туралы Келісімге сәйкес оның міндеттерін орындамауы орын алды.

5.02 Бөлім

Жалпы Ережелердің 7.01 (к) Бөліміне сәйкес мынадай қосымша жағдайлар, атап айтқанда - осы Келісімнің 5.01 Бөлімінде аталып отырған, орын алып отырған және Банк бұл туралы Заем алушыға хабарлама берген күннен кейінгі ұзақтығы алпыс (60) күн кезең ішінде жалғасып отырған кез келген жағдайлар көрсетіледі.

VI БАП

Күшіне Енетін Күні; Әрекетін Тоқтатуы

6.01 Бөлім

Төмендегі оқиғалар Жалпы Ережелердің 12.01 (с) мағынасында Заем туралы Келісімнің күшіне енуіне қосымша жағдайлар ретінде көрсетіледі:

(a) Көмекші Заем туралы Келісім ҚМ мен Атырау Облыстық Әкімшіліктің атынан ресімделген;

(b) Жобаны Орындау және Көмекші Заем туралы Келісім Атырау Облыстық Әкімшілігі мен "Водоканал" ұйымының атынан ресімделген; және

(c) Атырау Облыстық Әкімшілігі осы Келісімнің 4.01 (b) (i) Бөлімінде айтылатын аудиторларды тағайындады, СРК мен Атырау Облыстық Әкімшілігі қаржы және сатып алулар жөніндегі консультанттарды тағайындады, барлығы - Банкке қолайлы құзырет шегіне сәйкес және Атырау Облыстық Әкімшілігі Банк үшін қолайлы бухгалтерлік есеп жүйесін бағдарламалық қамтамасыз етуді белгіледі.

6.02 Бөлім

Төменде Банкке тапсырылатын қорытындыға немесе қорытындыларға енгізілетін Жалпы Ережелердің 12.02 (с) Бөлімінің мағынасында қосымша мәселелер көрсетіледі:

(a) Көмекші Заем туралы Келісімді ҚМ мен Атырау Облыстық Әкімшілігі тиісті негізде мақұлдаған немесе бекіткен және оның ережелеріне сәйкес ондағы тараптардың әрқайсысы үшін міндетті заңдық күші бар; және

(b) Жобаны Орындау туралы Келісімді ҚМ, СРК, Атырау Облыстық Әкімшілік және Атырау қаласы тиісті негізде мақұлдаған немесе бекіткен және оның ережелеріне сәйкес ондағы тараптардың әрқайсысы үшін міндетті заңдық күші бар; және

(c) Жобаны Орындау және Көмекші Заем туралы Келісімді Атырау Облыстық Әкімшілігі немесе "Водоканал" ұйымы тиісті негізде мақұлдаған немесе бекіткен және оның ережелеріне сәйкес ондағы тараптардың әрқайсысы үшін міндетті заңдық күші бар;

және

6.03 Бөлім

Осы Келісімнің күнінен кейінгі тоқсан (90) күннен кейін келген күн Жалпы Ережелердің 12.04 Бөлімінің мақсаттары үшін көрсетіледі.

VII Бап

Заем алушының өкілі; Мекен-жайлары

7.01 Бөлім

Заем алушының Министрі немесе Қаржы Министрінің Орынбасары Жалпы Ережелердің 11.03 Бөлімінің мақсаттары үшін Заем алушының өкілі ретінде тағайындалады.

7.02 Бөлім

Жалпы Ережелердің 11.03 Бөлімінің мақсаттары үшін мынадай мекен-жайлар көрсетіледі:

Заем алушының мекен-жайы:

Ministry of Finance	Қазақстан Республикасы
60 Republic Avenue	Қаржы министрлігі
473000 Astana	Республика Алаңы, 60
Republic of Kazakhstan	473000 Астана
Telex: 264126 (FILIN)	Телекс: 264126 (FILIN)

Банктің мекен-жайы:

International Bank for Reconstruction and Development	Америка Құрама Штаттары Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі
1818 H Street, N.W.	1818 Н көшесі, Солтүстік-Батыс
Washington, D.C. 204333	Вашингтон, Колумбия
United States of America	Округі 204333
Cable address:	Телеграфтық мекен-жайы:
INTBAFRAD	INTBAFRAD
Washington, D.C.	Washington, D.C.
Telex: 248423 (MCI) or 64145 (MCI)	Telex: 248423 (MCI) or 64145(MCI)

Осы Келісімдегі өздерінің тиісті негіздегі уәкілетті өкілдері арқылы әрекет ететін тараптар Америка Құрама Штаттарының Колумбия округінде жоғарыда басында аталған жылы мен күні өз аттарынан осы Келісімге қол қойылуын қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасы

Құжатқа қол қоюға
уәкілетті ресми тұлғаның
қолы _____

Уәкілетті Өкіл

Халықаралық қайта құру және Даму Банкі

Құжатқа қол қоюға
уәкілетті ресми тұлғаның
қолы _____

Еуропа Орталық Азия
Аймағы бойынша
Вице-Президенттің
міндетін атқарушы

1-Қосымша
Заем Қаражатын алу

1. Төменде келтіріліп отырған кестеде Заем қаражатынан қаржыландырылатын Ұстанымдардың санаты, әрбір Санат бойынша Заем сомасын аудару және әрбір Санатта осылайша қаржыландырылатын ұстанымдар бойынша шығыстардың процентімен көрсету беріліп отыр:

Санаты	Аударылатын Заем сомасы (АҚШ долларына сәйкес есептеумен көрсетіліп отыр)	Қаржыландырылатын Шығыстар, %-пен
--------	---	---

(1) Инженерлік-құрылыс	11, 180, 000	80%
------------------------	--------------	-----

жұмыстары		
(2) Консультанттардың қызметі	2, 500, 000	100%
(3) Тауарлар	620, 000	100% шетелдік шығыстар, 100% жергілікті шығыстар ("франко-зауыт" шығындары) және 80% сатып алулар осы жердің шегінде жүзеге асырылатын басқа да ұстанымдар бойынша жергілікті шығыстар
(4) Қосымша Пайдалану Шығындары	500, 000	80%
(5) Жобаны Әзірлеуге арналған Қарызды Қайта қаржыландыру	1,000,000	Осы Келісімнің 2.02 (с) Бөліміне сай есептелетін сома
(6) Делдалдық Алым	165, 000	Осы Келісімнің 2.04 Бөліміне сай есептелетін сома
(7) Бөлінбегені Жиыны	535, 000 16,500,000	

2. Осы Ереженің мақсаты үшін:

(a) "шетелдік шығындар" термині Заем алушының елінен өзге қандай да бір елдің Заем алушының елінен өзге қандай да бір елдің аумағынан жеткізілетін немесе көрсетілетін тауарларға немесе қызмет көрсетулерге валютамен шығыстарын білдіреді;

(b) "жергілікті шығыстар" термині Заем алушының аумағынан жеткізілетін немесе көрсетілетін тауарлар мен қызмет көрсетулерге валютамен Заем алушының шығыстарын білдіреді.

(c) "Қосымша Пайдалану Шығындары" термині Жобаны орындау себепті

келтірілген қосымша пайдалану шығындарын, кеңсе бұйымдарының, коммуналдық қызметтердің, байланыс қызметтерінің, көліктік қызмет көрсетудің құнын қоса алғанда, басқаруға және ағымдағы бақылауға байланысты шығыстарды, сапарларға шығу шығындарын, аудит жүргізу жөніндегі қызметтерді және қадағалауға байланысты шығыстарды қоса алғанда, бірақ Заем алушының еңбекақысы мен жалақысын есептемегенде, консультанттар қызметінің құнын білдіреді.

3. 1-тармақта келтірілген ережелерге тәуелсіз қаражатты алудың

ешқайсысы осы Келісімнің күніне дейінгі шығыстарға қатысты жасалған төлемдерге байланысты жүргізілмейді.

4. Банк шығыстардың:

(а) әрқайсысының құны АҚШ долларына сәйкес есептегенде кемінде 75,000-ды құрайтын келісімшарттарға сәйкес тауарларға;

(б) әрқайсысының құны АҚШ долларына сәйкес есептегенде кемінде 100,000-ды құрайтын келісімшарттарға сәйкес жұмыстарға; және

(с) Банк Заем алушыға хабарламасында көрсететін шарттар мен ережелерге сәйкес қосымша пайдалану шығындарына, бәріне қатысты Заем Шотынан шығыстар туралы есептер негізінде жасалған қаражатты алуды талап ете алмайды.

2-Қосымша

Жобаны Сипаттау

Жобаның мақсаты қолдануға жарамды және таза ауыз сумен Атырау қаласын қамтамасыз етуде және сарқынды суларды қоршаған орта үшін тиімді, сенімді және қауіпсіз түрде жоюда "Водоканал" ұйымының мүмкіндіктерін арттыру болып табылады.

Жоба Заем алушы мен Банк осындай мақсаттарға жету үшін дүркін-дүркін келісе алатын өзгерістер енгізілетін мынадай бөліктерден тұрады:

А Бөлігі

Сумен қамтамасыз ету және Сарқынды Суларды Жою Жүйесін Жаңғырту

Вокзал жанындағы шағын аудандар мен Атырау қаласының Орталығында су құбырларын жаңғырту және ауыстыру жаңа су шығаратын сорғыш станцияларды

салу, инвертирленген сифон салу канализациялық құбырларды ауыстыру және жаңғырту және сорғыш станцияларды және түтікті құбыр жүйесін жаңғырту арқылы сумен жабдықтау және канализация жүйелерін жетілдіру.

В Бөлігі

Авариялық Жағдайлардағы Жөндеу Жұмыстары

Авариялық жағдайларда сумен жабдықтау және канализация жүйелерін жөндеу және есептеуіштерді, сорғыштарды ауыстыру және "Водоканал" ұйымының пайдалану шығындарына тез арада және елеулі жақсартулар енгізетін және тауарлар мен жұмыстарды қаржыландыру арқылы пайдаланудың тиімділігін арттыратын Жобаны орындау уақытында "Водоканал" ұйымы айқындайтын басқа да жұмыстар.

С Бөлігі

Жобаны Басқару және Институционалдық Нығайту

1. Су ағынын басқаруды суды тұтынуды зерделеу сарқынды суларды және дренажды суларды жою варианттарын зерделеу қаржы және бухгалтерлік есеп жүйесін енгізу және қаржы және шаруашылық қызметті орындау туралы келісім-шарттың жобасын дайындауды қоса алғандағы "Водоканал" ұйымының институционалдық, басқару және қаржылық мүмкіндіктерін жоғарылатудағы техникалық көмек.

2. Қаланың инфрақұрылымын қайта құрудың орта мерзімді жоспарын әзірлеуді қоса алғанда, Атырау Қаласында институционалдық мүмкіндіктерді жоғарылатудағы, қаржы қызметін басқаруды және әкімшілендіруді күшейтудегі техникалық көмек.

3. Қаржылық қызмет пен бухгалтерлік есепті басқару жүйесін әзірлеу

мен енгізуді, осы Келісімнің IV Бабында айтылатын шоттарды және қаржылық есептерді, жоғарыда айтылатын шоттардың аудитін және қаржылық есептерді әзірлеуді қоса алғанда, сыртқы аудитті жүргізу жөніндегі қызметтерді қоса алғанда, қосымша пайдалану шығындарын қаржыландыру арқасында, СРК мен Атырау Облыстық Әкімшілікке Жобаны басқарудағы, орындаудағы және қадағалаудағы техникалық көмек.

Жобаны 2004 жылғы 31 наурызда аяқтау болжанып отыр.

3-Қосымша
Заемды Бөліп Төлем Өтеудің Кестесі

Төлемнің Шарттасылған Мерзімі (АҚШ долларымен)	Негізгі Соманы Өтеу
2005 жылғы 15 ақпанда	365,000
2005 жылы 15 тамызда	375,000
2006 жылғы 15 ақпанда	385,000
2006 жылы 15 тамызда	395,000
2007 жылғы 15 ақпанда	405,000
2007 жылы 15 тамызда	415,000
2008 жылғы 15 ақпанда	425,000
2008 жылы 15 тамызда	440,000
2009 жылғы 15 ақпанда	450,000
2009 жылы 15 тамызда	460,000
2010 жылғы 15 ақпанда	475,000
2010 жылы 15 тамызда	485,000
2011 жылғы 15 ақпанда	500,000
2011 жылы 15 тамызда	515,000
2012 жылғы 15 ақпанда	530,000
2012 жылы 15 тамызда	545,000
2013 жылғы 15 ақпанда	555,000
2013 жылы 15 тамызда	575,000
2014 жылғы 15 ақпанда	590,000
2014 жылы 15 тамызда	605,000
2015 жылғы 15 ақпанда	620,000
2015 жылы 15 тамызда	635,000
2016 жылғы 15 ақпанда	655,000
2016 жылы 15 тамызда	675,000
2017 жылғы 15 ақпанда	690,000
2017 жылы 15 тамызда	710,000
2018 жылғы 15 ақпанда	730,000
2018 жылы 15 тамызда	750,000
2019 жылғы 15 ақпанда	770,000

- Бұл бағандағы сандар Жалпы Ережелердің 4.04 (d) Бөлімінде көзделетінінен басқа, өтеуге жататын соманы АҚШ долларымен беріп отыр.

- Бұл бағанадағы сандар Жалпы Ережелердің 4.04 (d) Бөлімінде көзделетінінен басқа, өтеуге жататын соманы АҚШ долларымен беріп отыр.

4-Қосымша

Сатып алулар және Консультанттардың қызметі

I Бөлім

Тауарлар Сатып алу және Жұмыстарды Қамтамасыз ету

A Бөлігі

Жалпы ережелер

1995 жылдың қаңтарында Банк жариялаған және 1996 жылдың қаңтары мен тамызында, 1997 жылдың қыркүйегінде және 1999 жылдың қаңтарында (Ереже) қайта қаралған "ХКДБ-ның Заемдары мен ХДА Несиелері бойынша Сатып алулар Тәртібінің" I Бөлімінің ережелеріне және осы Бөлімнің мынадай ережелеріне сәйкес тауарлар сатып алынады және жұмыс қамтамасыз етіледі.

B Бөлігі

Халықаралық Бәсекелес Сауда-саттықтар

1. Осы Бөлімнің C Бөлігінде өзгеше көзделген жағдайларды қоспағанда, Қағиданың II Бөлімінің ережелеріне және оған Қосымшаның 5-тармағына сәйкес жасалған келісімшарттарға сай тауарлар сатып алынады және жұмыстар қамтамасыз етіледі.

2. Төмендегі ережелер осы B Бөлігінің 1-тармағының ережелеріне

сәйкес жасалған келісімшарттарға сай сатып алынатын және қамтамасыз етілетін тауарлар мен жұмыстарға қолданылады.

(а) Алғашқы бағалау

Жобаның А Бөлігіне сай жұмыс жүргізуге арналған келісім шарттарды жасасуға талапкерлерді алғашқы бағалау Қағиданың 2.9 және 2.10 тармақтарының ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

С Бөлігі

Сатып алулардың Басқа да Рәсімдері

1. Елден Тысқары жерлердегі Сатып алулар

Құны бағалауларға сай АҚШ долларына сәйкес есептегенде кемінде 200,000-ды құрайтын, келісімшарттарға сай және АҚШ долларына сәйкес есептегенде жиынтығы 500,000-нан аспайтын тауарлар Қағиданың 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес елден тысқары жерлерде сатып алу рәсімдері негізінде жасалған келісімшарттарға сай сатып алынады.

2. Ел Шегіндегі Сатып алулар

Құны бағалауларға сай АҚШ долларына сәйкес есептегенде кемінде 75,000-ды құрайтын, келісімшарттарға сай және АҚШ долларына сәйкес есептегенде жиынтығы 200,000-нан аспайтын тауарлар Қағиданың 3.5 және 3.6-тармақтарының ережелеріне сәйкес ел шегіндегі сатып алу рәсімдері негізінде жасалған келісімшарттарға сай сатып алынады.

3. Екінші дәрежелі жұмыстарды Қамтамасыз ету

Құны бағалауларға сай АҚШ долларына сәйкес есептегенде кемінде 100,000-ды құрайтын, келісімшарттарға сай және АҚШ долларына сәйкес есептегенде жиынтығы 600,000-нан аспайтын жұмыстар белгіленген талаптарға жауап беретін ел ішіндегі үш (3) мердігерден жазбаша шақыруға жауап ретінде алынған ұсыныстар негізінде жасалған тұрлаулы, бекітілген бағалы келісімшарттарға сай қамтамасыз етіле алады. Шақыру қажет болса, аяқтау мерзімі талап ететін негізгі сипаттамаларды, Банк үшін қолайлы келісімнің негізгі нысанын және тиісті сызбаларды қоса алғанда, жұмыстардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қамтиды. Тапсырыс талап етілетін жұмыстар үшін бағаның ең төмен белгіленуін ұсынатын және келісімшартты

ойдағыдай орындау үшін жеткілікті тәжірибесі мен қаражаты бар мердігерге беріледі.

D Бөлігі

Банктің Сатып алулар туралы Шешімдеріне Шолу

1. Сатып алуларды Жоспарлау

Сауда-саттыққа байланысты алғашқы баға алуға немесе сауда-сатыққа қатысуға шақыру туралы хабарлаудан бұрын Қағидаға қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес Жобаға байланысты ұсынылып отырған сатып алулардың жоспары Банктің қарауына және мақұлдауына ұсынылады. Барлық тауарларды сатып алу және барлық жұмыстарды қамтамасыз ету Банк мақұлдаған сатып алулардың жоспарына және жоғарыда аталған 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

2. Алғашқы Шолу

(a) Осы Ереженің B.1 Бөлігіне сай ие болған әрбір келісімшартқа қатысты Қағидаға Қ-қосымшаның 2 және 3-тармақтарында айтылатын рәсімдер қолданылады.

(b) Осы Ереженің C.1 Бөлігіне сай ие болған әрбір келісімшартқа және осы Ереженің C.2 немесе C.3 Бөліктеріне сай жасалған алдыңғы екі келісімшартқа мынадай рәсімдер қолданылады:

(i) қандай да бір жеткізіп берушіні таңдағанға немесе қандай да бір келісімшартты атқарғанға дейін Заем алушы сатып алулардың рәсімдеріне сай Банкке алынған ұсыныстарды салыстыру және бағалау туралы есеп береді.

(ii) қандай да бір жеткізіп берушіні таңдағанға немесе сатып

алулардың рәсімдеріне сай ие болған қандай да бір келісімшартты атқарғанға дейін Заем алушы Банкке айрықшалаудың және келісім жобасының көшірмесін тапсырады; және

(iii) Қағидаға 1-Қосымшаның 2 (f) және 2 (g)- тармақтарында айтылатын рәсімдер қолданылады.

3. Кейінгі Шолу

осы Бөліктің 2-тармағының ережелерімен реттелмейтін әрбір келісімшартқа қатысты Қағидаға 1-Қосымшаның 4-тармағында айтылатын рәсімдер қолданылады.

II Бөлім

Консультанттарды Жалдау
А Бөлігі

Жалпы Ережелер

Консультанттардың қызметтері 1997 жылдың қаңтарында Банк жариялаған және 1997 жылдың қыркүйегінде және 1999 жылдың қаңтарында қайта қаралған Кіріспе Бөлігінің және "Қағиданың: Дүниежүзілік Банк Заем алушыларының Консультанттарды Іріктеуі және Жалдауы" ІҮ Бөлімінің ережелеріне және осы Қосымшаның ІІ Бөлімінің мынадай ережелеріне сәйкес сатып алынады.

В Бөлігі

Сапа мен Құнға негізделген Іріктеу

Консультанттардың қызметтері осы Бөлімнің С Бөлігінде өзгеше көзделген жағдайда консультанттарды сапа мен құнға негізделген іріктеуге қолданылатын Консультанттар туралы Қағиданың ІІ Бөлімінің ережелеріне, оған 1-Қосымшаның 3-тармағына, оған 2-Қосымшаға және олардың 3.13-тен бастап 3.18-ді қоса алғандағы тармақтарына сәйкес жасалған келісімшарттарға сай сатып алынады.

С Бөлігі

Консультанттарды Іріктеудің Басқа да Рәсімдері

1. Бірыңғай Көзден Іріктеп алу

АҚШ долларына сәйкес есептегендегі бағалауға сай құны жиынтығында 100,000 АҚШ долларын аспайтын қаржылық техникалық көмек жөніндегі қызметтер Жобаның С1. Бөлігіне сәйкес Консультанттар туралы Қағиданың 3.8-ден бастап 3.11-ді қоса алғандағы тармақтарының ережелеріне сәйкес

Банктің алдын ала келісімімен сатып алынады.

2. Жеке меншік Консультанттар

Консультанттар туралы Қағиданың 5.01-тармағында айтылатын талаптарға сәйкес келетін Жобаның С Бөлігіне сәйкес қызметтер жеке меншік консультанттармен Консультанттар туралы Қағиданың 5.1-ден бастап 5.3-ті қоса алғандағы тармақтарының ережелеріне сәйкес жасалған келісімшарттарға сай сатып алынады.

D Бөлігі

Банктің Консультанттарды Іріктеуді қарауы

1. Іріктеуді Жоспарлау

Консультанттарға ұсыныстар туралы қандайда да бір сұрау салуларды бергеннен бұрын консультанттарды іріктеудің ұсынылып отырған жоспары Банкке Консультанттар туралы Қағидаға 1-Қосымшаның 1-тармағының ережелеріне сәйкес Жобаға байланысты оның қарап, мақұлдауына тапсырылады. Консультанттардың барлық қызметтерін іріктеу Банк және жоғарыда айтылған 1-тармақтың ережелері мақұлдаған іріктеу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

2. Алдын ала Қарау

(a) Консультациялық фирмаларды жалдау туралы әрбір келісімшартқа қатысты Консультанттар туралы Қағидаға 1-Қосымшаның 1, 2 (2 (a)-тармақтың үшінші тармақшасынан өзгеше) және 5-тармақтарында аталатын рәсімдер қолданылады.

(b) Жеке меншік консультанттарды жалдау туралы әрбір келісімшартқа

қатысты Банкке оның алдын ала қарап, мақұлдауына біліктілігі, қызмет стажы, құзыретінің шегі және консультанттарды жалдау шарты туралы мәліметтер беріледі. Келісімшарт жоғарыда аталған мақұлдау берілгеннен кейін ғана жасалады.

3. Кейінгі Қарау

Осы Бөліктің 2-тармағының ережелерімен реттелмейтін әрбір

келісімшартқа қатысты Консультанттар туралы Қағидаға 1-Қосымшаның 4-тармағында айтылатын рәсімдер қолданылады.

5-Қосымша Орындау Бағдарламасы

1. Заем алушы:

(a) Заем алушы мен Банк арасында келісілген Жобаны орындау және оның мақсаттарына жету көрсеткіштеріне сәйкес стратегия жүргізеді және тиісті талаптарға жауап бере отырып, оған тұрақты негізде ағымдағы бақылау мен бағалау жүргізуге мүмкіндік беретін рәсімдерді сақтайды;

(b) осы тоқсан ішінде Жобаның орындалуы баяндалатын есепті Банкке қолайлы құзырет шегіне сәйкес әзірлейді және Жобаны орындау кезінде әрбір жылдың әрбір тоқсаны аяқталғаннан кейін үш аптадан кешіктірмей Банкке тапсырады;

(c) "Водоканал" ұйымының қызметі мен жұмысының нәтижелеріне жартыжылдық шолудың қорытындыларын қоса алғанда, осы жыл ішінде Жобаның орындалуы баяндалатын есепті Банкке қолайлы өкілдіктер шегіне сәйкес әзірлейді және Жобаны орындау кезінде әрбір жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей Банкке тапсырады;

(d) осы Бөлімнің (a) тармағына сай орындалған ағымдағы бақылау мен бағалау бойынша қызметтің нәтижелері біріктірілетін жоғарыда аталған есептің күніне дейінгі кезең ішінде Жобаны орындауда қол жеткен нәтижелер туралы және Жобаның ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету және осындай күннен кейінгі кезең ішінде оның мақсаттарына жету үшін ұсынылып отырған шаралар айтылатын есепті Банкке қолайлы өкілдіктер шегіне сәйкес әзірлейді және 2001 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей немесе шамамен осындай мерзімде Банкке тапсырады; және

(e) Банкпен 2001 жылғы 31 шілдеге немесе осыдан кешірек мерзімге дейін Банк сұрау салатын осы тармақтың (d) тармақшасында айтылатын есепке шолу жүргізеді және осыдан кейін Жобаның ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету және жоғарыда аталған есептегі нәтижелерге және ұсыныстарға және мәселе бойынша Банктің пікіріне сүйене отырып, осындай күннен кейінгі кезең ішінде оның мақсаттарына жету үшін талап етілетін барлық шараларды қолданады.

2. Жалпы Ережелердің 9.07 Бөлімінің мақсаттары үшін және оның шектеулерінсіз Заем алушы Банкке қолайлы осы мақсат үшін Заем алушы мен Банк арасында келісілуі мүмкін ережелер негізінде және Қорытынды Күннен кейінгі алты (6) айдан немесе

осыдан кешірек мерзімнен кешіктірмей Банкке Жоба бойынша алдағы жұмыстың жоспарын және Банкке жоғарыда айтылған жоспар бойынша Заем алушымен пікір алмасудың тиісті мүмкіндігін береді.

3. Атырау Облыстық Әкімшілігі 2001 жылғы 30 қыркүйекке дейін 7-қосымшаның 2(g) тармақшасына сәйкес "Водоканал" ұйымының жоспарланып отырған шығыстары негізгі қызметтен жеткілікті болу үшін, "Водоканал" ұйымының жоспарланып отырған шығыстарын жабу үшін қамтамасыз етуге жеткілікті "Водоканал" шығыстарын жабу үшін қамтамасыз етуге жеткілікті "Водоканал" ұйымына суды пайдаланғаны және сарқынды суларды жойғаны үшін алымдар жинауға уәкілеттік беретін ережелерді қабылдайды.

6-Қосымша

Арнайы Шот

1. Осы Ереженің мақсаттары үшін:

(a) "қолайлы Санаттар" термині осы Келісімге 1-қосымшаның 1-тармағында кестеде көрсетілетін (1), (2), (3) және (4) Санаттарды білдіреді;

(b) "қолайлы шығыстар" термині Жоба үшін талап етілетін және осы Келісімге 1-қосымшаның ережелеріне сәйкес қолайлы Санаттар бойынша дүркін-дүркін аударылатын Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарлар мен қызмет көрсетулердің тиісті құнына қатысты шығыстарды білдіреді; және

(c) "Рұқсат Етілген Аударымдар" термині АҚШ долларына қайта есептегенде Заем Шотынан алынатын және осы Қосымшаның 3 (a) тармағына сәйкес келетін жағдайда Арнайы Шотқа депозитке салынатын 1,000,000 құрайтын соманы білдіреді, алайда, егер Банк өзгеше шешпесе, Рұқсат Етілген Аударымдар Заем Шотынан алынатын қаражаттың жиынтық сомасы қосылған Жалпы Шарттар 5.02 Бөлімге сәйкес Банк өзіне алған арнайы міндеттемелер бойынша барлық төлемге көрсетілмеген жалпы сома АҚШ долларына қайта есептегенде 4,000,000 тең болмаса немесе асып кетпесе, АҚШ долларына қайта есептегенде 500,000 құрайтын сомамен шектеледі.

2. Төлемдер Арнайы Шоттан осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес қолайлы шығыстарға қатысты ғана жүргізіледі.

3. Банк Арнайы Шот тиесілі түрде ашылғандығы туралы қолайлы растама алғаннан кейін, Рұқсат Етілген Аударымдардан қаражат алу және Арнайы Шотты толтыру үшін кейіннен қаражат алу мынадай тәсілде жүргізіледі:

(a) Рұқсат Етілген Аударымдардың қаражатын алу үшін Заем алушы Банкке Рұқсат Етілген Аударымдардың жиынтық сомасынан аспайтын соманы немесе сомаларды Арнайы Шотқа депозитке салу туралы сұрау салу немесе сұрау салулар береді.

Осындай сұрау салудың немесе сұрау салулардың негізінде Банк Заем алушы атынан Заем алушы сұрай салған осындай соманы немесе сомаларды Заем Шотынан

алады және Арнайы Шотқа депозитке салады.

(b) (i) Арнайы Шотты толтыру үшін Заем алушы Банкке Банк белгілейтін тұрақтылықпен Арнайы Шотқа депозитке салу туралы сұрау салуды береді.

(ii) Мұндай әрбір сұрау салудың алдынан немесе сол сәтте Заем алушы Банкке осы Қосымшаның 4-тармағына сәйкес талап етілетін құжаттар мен өзге де растамаларды, толықтыру сұрау салынған қатысты төлем мен төлемдерді береді.

Мұндай әрбір сұрау салудың негізінде Банк Заем алушы атынан Заем алушы сұрау салған және жоғарыда аталған құжаттарда көрсетілетін және қолайлы шығыстарға қатысты Арнайы Шоттан төлеуге өзгеше растамада көрсетілетін мұндай соманы Заем Шотынан алады және Арнайы Шотқа депозитке салады. Мұндай барлық салымдарды Банк бұл тиісінше жоғарыда аталған құжаттармен және өзгеше растамалармен негізделетін қайта есептеуге сәйкес тиісті сомаларда қолайлы Санаттар бойынша Заем Шотынан алады.

4. Арнайы Шоттан Заем алушы жүргізген әрбір төлем бойынша Заем алушы Банк негізделіп сұрау салатын осындай мерзімдерде Банкке осындай төлем мұндай құжаттар мен қолайлы шығыстарға қатысты ғана жүргізілгендігін көрсететін өзгеше растамалар береді.

5. Осы Қосымшаның 3-тармағының ережелеріне тәуелсіз Банк одан әрі Арнайы Шотқа депозитке салуды жүргізбеуі мүмкін:

(a) егер қандай да бір уақытта Банк қаражаттарды кейіннен алуды Жалпы Шарттар Ү Баптың ережелеріне және осы Келісімнің 2.02. Бөлімінің (a) тармағына сәйкес Заем алушы тұтастай тікелей Заем Шотынан жүргізуі керектігін айқындаса;

(b) егер Заем алушы Банкке осы Келісімнің 4.01. (b) Бөлімінде көрсетілген мерзім ішінде Банкке ұсыну Арнайы Шот бойынша есеп құжаттары мен шоттарының аудитіне қатысты жоғарыда аталған Бөлімге сәйкес талап етілетін аудит туралы қандай да бір есептерді бермесе;

(c) егер қандай да бір уақытта Банк Заем алушының Жалпы шарттар 6.02. Бөлімнің ережелеріне сәйкес Заем Шотынан қаражат алуды жүргізу құқығын тұтастай немесе ішінара тоқтата тұру жөніндегі өзінің болжамы туралы Заем алушыны хабардар етсе; немесе

(d) жиынтығында қолайлы Санаттар бойынша аударылатын Заемның алынбаған сомасы алынған Жобаға қатысты Жалпы Шарттар 5.02 Бөлімге сәйкес Банк өзіне алған арнайы міндеттемелер бойынша төлемге көрсетілмеген барлық сомалардың жиынтығы қайта есептеуге сәйкес Рұқсат Етілген Аударымның екі сомасына көбейтілгенге тең болғанда. Осыдан кейін қолайлы Санаттар бойынша аударылған Заемның қалған алынбаған сомасын Заем Шотынан алған кезде Банк Заем алушыға хабарламасында анықтаған сондай рәсімдер сақталады.

Мұндай одан әрі қаражат алу осындай хабарлама күнгі Арнайы Шотта сақтауға қалған барлық осындай сомалар қолайлы шығыстар бойынша төлемдерді жүзеге

асыруға пайдаланылатындығына қандай Банк көз жеткізгеннен кейін және сол шамада жүргізіледі.

6. (а) Егер Банк қандай да бір уақытта қандай да бір төлем Арнайы Шоттан:

(і) шығыстарға қатысты немесе осы Қосымшаның 2-тармағына сәйкес қолайсыз сомада жүргізілсе; немесе

(іі) Банкке берілген растамалармен негізделмесе, Заем алушы Банктің хабарламасын алғаннан кейін тез арада:

(А) Банк сұрау салуы мүмкін осындай қосымша растама береді;

(В) Арнайы Шотқа (немесе, егер Банк сұрау салса, банкке қайтарады) осындай төлемнің сомасына тең соманы немесе осылайша қолайлы немесе негізделген болып табылмайтын оның бөліктерін депозитке салады.

Егер Банк өзгеше шешім қабылдамаса, Банк Заем алушы осындай растама бермейінше немесе жағдайға байланысты осындай депозитке салуды жүргізбейінше Арнайы Шотқа ешқандай да депозитке салуды жүргізбейді.

(b) Егер Банк қандай да бір уақытта Арнайы Шотқа төлеуге көрсетілмеген қандай да бір сома қолайлы шығыстар бойынша бұдан әрі төлемдерді жабу үшін қажет етілмейтіндігін айқындаса, Заем алушы Банктің хабарламасын алғаннан кейін тез арада Банкке төлемге көрсетілмеген осындай

соманы қайтарады.

(с) Заем алушы Банкті хабардар ете отырып, Банкке Арнайы Шотта сақтауда тұрған қаражаттың барлығын немесе бөлігін қайтара алады.

(d) Осы Қосымшаның (а), (Б) және (с) тармақтарына сәйкес жүргізілген Банкке қаражатты қайтару Жалпы Шарттарды қоса алғанда, осы Келісімнің тиісті ережелеріне сәйкес бұдан әрі алу немесе күшін жою үшін несиеге жазылады.

7-Қосымша

Жобаның Орындалуы және Көмекші Заем туралы

Келісімнің Шарттары мен Ережелері;

Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы

Жыл Сайынғы Келісімнің Рәсімдері мен Шарттары және Ережелері

1. Жобаның Орындалуы және Көмекші Заем туралы Келісім мыналарды қарастырады:

(a) көмекші заемның негізгі сомасын "Водоканал" ұйымы ұзақтығы бес жыл жеңілдік берілген кезеңді қоса алғанда, жиырма жылдың ішінде жарты жылдық жарналарға тең Заем алушының валютасымен өтейді.

(b) "Водоканал" ұйымы өтеуге жататын көмекші заемның негізгі сомасы АҚШ долларына қайта есептегенде (бұл өтеу күніне немесе өтеудің тиісті күніне белгіленгендей) - Заем қаражатынан қаржыландырылатын және Жобаның Орындалуы және Көмекші Заем туралы келісімге сәйкес "Водоканал" ұйымы беретін жұмыстар мен тауарларға қатысты Заем Шотынан алынатын валютаның немесе валюталардың құнын құрайды.

с) проценттер АҚШ долларымен беріледі және осы Келісімнің 2.05 (a) Бөліміне сәйкес Заем алушы кезең-кезеңмен төлеуге жататын ставкаға тең ставка бойынша көмекші заемның төлемге алынған және көрсетілмеген қалдық бойынша есептеледі; жеңілдік берілген кезең уақытында төлеуге жататын кез келген проценттер көмекші заемның негізгі сомасына қарағанда күрделенуі мүмкін:

(d) кезең-кезеңмен алынатын көмекші заемның сомасы бойынша несие беру міндеттемесі үшін комиссиялық осы Келісімнің 2.04 Бөліміне сәйкес Банкке Заем алушы төлейтін несие беруге міндеттеме үшін процентпен көрсетілген комиссиялық сомаларға теңеледі.

2. Жобаның Орындалуы және Көмекші Заем туралы Келісім мыналарды талап етеді, атап айтқанда, "Водоканал" ұйымы:

(a) құзыретті мамандардың тиісті санының көмегімен білікті және қызмет атқарған мерзімі жеткілікті басшы персоналдардың тиісті талаптар мен қол жеткен нәтижелерге сәйкес және қоршаған ортаны қорғауға, байланысты тиімді рационалдық, техникалық инженерлік, қаржылық және басқарушылық практикаға сәйкес орындауды және жоба бойынша жұмыс істеуді;

(b) өздерінің кәсіпорындарын, машиналарын, жабдықтары мен өзге де мүліктерін қажеттігіне қарай дүркін-дүркін - тез арада пайдалануды және ұстауды - барлығы қоршаған ортаны қорғауға байланысты тиімді, инженерлік және техникалық практикаға сәйкес оларды жөндеу және жаңарту жөніндегі барлық қажетті жұмыстарды жүргізуді;

(c) есептіліктің тиімді тәжірибесіне сәйкес "көрсету бойынша тиісті талаптарға жауап беретін Водоканал" ұйымының жұмысына және қаржылық жағдайына есеп құжаттары мен шоттарды жүргізуді және Жобаға байланысты операцияларды, қаражаттар мен шығыстарды жеке-жеке тіркеуді;

(d) есеп Заем алушы мен Банк үшін қолайлы тәуелсіз аудиторлар үнемі қолданатын аудитті жүргізудің тиісті принциптеріне сәйкес жүргізілген әрбір қаржы жылы үшін Жобаға байланысты есеп құжаттарын, шоттарды жүргізуді және қаржылық есептерді дайындауды және Заем алушыға осындай әрбір ай аяқталғанын кейін алты (6)

кешіктірмей осындай тәсілмен жүргізілген аудитті және Заем алушы мен Банк негізделіп сұрау салған көлемде және осындай нақтылаумен аудиторлар өткізген аудит туралы есепті беруді;

(е) Заем алушыға жекелеген тәртіппен немесе егер Банк осылай сұрау салса Банк өкілдерімен бірлесіп, Жобаға, оларды пайдалануға байланысты қаржыландырылатын тауарларды және жұмыс алаңдарын, кәсіпорындар мен ғимараттарға және Жобаға қатысты "Водоканал" ұйымының қаржылық есеп құжаттарын қоса алғанда, барлық тиісті есеп жазбалары мен құжаттарға тексеру жүргізуге мүмкіндік беруді;

(f) мұндай сақтандыруды тәуекелге қарсы жауапты сақтандырушылармен және Заем қаражатынан қаржыландырылатын тауарларды сатып алуға тасымалдауға және жеткізуге байланысты тәуекелдерді болдырмайтын сақтандыруды қоса алғанда, тиімді жұмыс тәжірибесімен келісілетін сомаға, пайдалану немесе қондыру орнын, мұндай тауарларды алмастыру немесе жөндеу бойынша берілген залалдан мұндай сақтандыруға сәйкес кепілдікті таңдауға және қолдау көрсетуге;

(g) (i) әрбір қаржы жылы бойынша Жобаны орындау барысында "Водоканал" ұйымының жоспарланған кірісі негізгі қызметтен "Водоканал" ұйымының осы қаржы жылындағы жоспарланған шығыстарын жабуға жеткілікті болуын қамтамасыз етуді;

(ii) әрбір қаржы жылының 1 тамызына немесе осы күнге дейін Жобаны орындау барысында Атырау Облыстық Әкімшілігі "Водоканал" ұйымы дайындаған және Банк үшін қолайлы болжамдардың негізінде "Водоканал" ұйымы осындай жылға және одан кейінгі қатысты жоғарыда аталған тармақтың (g) (i) тармағындағы талаптарды сақтай алуына шолу және ол аяқталғаннан кейін мұндай шолудың көшірмесін Банкке береді;

(iii) егер қандай да бір осындай шолуда "Водоканал" ұйымы осындай шолу жататын "Водоканал" ұйымының қаржылық жылына қатысты (g) (i) тармағында айтылған талаптардан сақтай алмаса, Атырау Облыстық Әкімшілігі мұндай талаптар сақталуы үшін барлық қажетті шараларды (құрылымды түзетудің шектеусіздігін және оның ставкалар деңгейін қоса алғанда) тез арада қабылдайды және қамтамасыз етеді; және

(iv) осы (g) тармақшасының мақсаттары үшін:

(A) "негізгі қызметтен алынатын жоспарланған кірістер" термині: ұйымның жұмысына қатысты барлық көздерден жиналған кірістердің сомасын, "Водоканал" ұйымынан алынған тұтыну салымдарын, ағымдағы субсидияларды және құрылысқа көмекке тұтыну жарналарын білдіреді.

(B) "жоспарланған операциялық шығыстар" термині басқаруды қоса алғанда, ұйымның жұмысына қатысты барлық шығыстарды, тиесілі ұстауларды және салықтар мен салықтың орнындағы төлемдерді (амортизацияға резервті және басқа да қолма-қол ақшасыз ағымдағы алымдардан басқа), "Водоканал" ұйымының жұмысына қатысты барлық борыштар бойынша төлеуге жататын проценттерді және неғұрлым ірі амортизациялық аударымдарды немесе заемды бірте-бірте өтеуді, барлық қолма-қол төленетін дивидендтерді және таратылмаған пайданы өзге де қолма-қол ақшамен

бөлуді және күрделі шығындардан өзге қолма-қол ақшаның өзге де ағындарын білдіреді;

(С) "қысқа мерзімді міндеттемелер" термині төлеу мерзімі таяған және төлеуге жататын немесе қазіргі уақыттағы жағдайда кредиторлық берешекті, клиенттердің қарыздарын, борышқа қызмет көрсету талаптарын, салықтар мен салықтың орнындағы төлемдері және дивидендтерді қоса алғанда, он екі айдың ішінде төлеу талап етілетін барлық міндеттемелерді білдіреді;

(D) "күрделі шығындар" термині ұйымның жұмысына байланысты құрылысқа есептелген проценттерді қоса алғанда негізгі қаражатқа байланысты енгізілген барлық шығыстарды білдіреді;

(Е) осы тармақтың мақсаттары үшін заем алушының валютасына басқа валютада төлеуге жататын борышты аударып бағалауға қажетті болып табылатын барлық кезде, мұндай бағалау мұндай басқа валюта мұндай борышқа қызмет көрсету мақсаттары үшін мұндай бағалау сәтінде қол жететін қолданылып жүрген заңды айырбас бағамының негізінде немесе мұндай бағам болмаған кезде Банк үшін қолайлы айырбас бағамының негізінде жүргізіледі.

(Һ) Жобаны орындау кезінде суды пайдаланғаны және сарқынды суларды жойғаны үшін сомаларды белгілеу және алу табысты өтеуін қамтамасыз ететін, мұның ішінде, "Водоканал" ұйымының суды пайдаланғаны және сарқынды суды жойғаны үшін сомалар алымының орташа жылдық ставкалары 2000 жылғы 30 маусымда кемінде 70 процент 2001 жылғы 30 маусымда кемінде 70 процент және 2003 жылғы 30 маусымда кемінде 85 процент болуы керек.

(і) (і) егер "Водоканал" ұйымының кірістері мен шығыстарының негізделген болжамы қабылданатын борыштың мерзімінде ең аз дегенде 1.3 есе аспаса "Водоканал" ұйымының әрбір қаржы жылындағы таза кірістерін бағалауға сәйкес қабылданатын борышты қоса алғанда, "Водоканал" ұйымының барлық борыштары бойынша осындай жылы "Водоканал" ұйымының борышына қызмет көрсету жөніндегі бағалауға сәйкес талапты көрсетпесе, өзіне қандай да бір борышты қабылдамауды қамтамасыз етуді;

(і) осы тармақшаның мақсаттары үшін:

(А) "борыш" термині: өтеу мерзімі оның шарттарына сәйкес ол алғашқы қабылданған күннен кейін бір жылдан көп уақытта болған кез келген берешекті білдіреді;

(В) борыш мынадай жағдайларда қабылданды деп есептеледі:

(А) осындай борышты көздейтін заем туралы келісім-шартқа немесе келісімге немесе өзге құжаттарға сәйкес немесе оны төлеу шарттары өзгерген осындай келісім-шарт, келісім немесе құжат күні; және

(В) мұндай кепілді көздейтін келісім күшіне енген күнгі кепілдікке берілген келісімге сәйкес;

(С) "таза кірістер" термині мыналар арасындағы айырмашылықты білдіреді:

(aa) егер олар мұндай кірістер жататын ұзақтығы он екі ай уақыт аралығының ішінде күшінде болса да борыш қабылданған уақытта қолданылатын "Водоканал" ұйымының ставкаларын назарға алу үшін өзгерістер енгізілген ұйымның жұмысына байланысты барлық көздердің кіріс сомасы мен негізгі емес қызметтің кірісінің; және

(bb) басқаруды, тиесілі ұстауды, салықтарды және салықтардың орнындағы төлемдерді қоса алғанда, бірақ амортизация үшін резервті, қолма-қол ақшасыз ағымдағы алымды және проценттерді және борышқа төленетін өзге де сомаларды қоспағанда, ұйымның жұмысына байланысты барлық шығыстар сомасы;

(D) "негізсіз емес қызметтен түскен кірістер" термині:

ұйымның жұмысына қатысты көздерге қарағанда барлық көздерден түсетін кірістер мен жоғарыда айтылған кірістерді жасау кезінде орын алған салықтар мен салықтардың орнындағы төлемдерді қоса алғандағы кірістердің арасындағы айырмашылықты білдіреді;

(E) "борышқа қызмет көрсету жөніндегі талаптар" термині:

өтеудің (егер мұндайлар бар болса, амортизация қорына төлемдерді қоса алғанда) борыштың жиынтық сомасы мен проценттерді және оған төленетін өзге де сомаларды білдіреді;

(F) осы тармақтың мақсаттары үшін заем алушының валютасына басқа валютада төлеуге жататын борышты аударып бағалауға қажетті болып табылатын барлық кезде, мұндай бағалау мұндай басқа валюта мұндай борышқа қызмет көрсету мақсаттары үшін мұндай бағалау-сәтінде қол жететін қолданылып жүрген заңды айырбас бағамының негізінде немесе мұндай бағам болмаған кезде Банк үшін қолайлы айырбас бағамының негізінде жүргізіледі.

(o) Заем алушы немесе Банк негіздеп сұрау салған "Водоканал" ұйымының басқаруына, жұмысына және қаржылық жағдайына қатысты барлық осындай ақпаратты Заем алушыға дайындауды және тез арада беруді;

(k) банкке қолайлы мыналар енетін іс-қимыл жоспарын келісуді:

(i) өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін алу негізінде шоттарды жазуды енгізу және 2001 жылғы 1 қаңтарға дейін немесе Жобаға сәйкес қайта құру жұмыстары орындалып болған уақытқа дейін, осы оқиғалардың қайсысы бұрын болатындығына тәуелсіз Жобаны орындау ауданында сату;

(ii) ұйымдастырушылық, басқарушылық, қаржылық, коммерциялық, техникалық және инвестициялық жоспарлауды күшейту және "Водоканал" ұйымының бағалау мүмкіндігін арттыру;

(l) заем алушыға "Водоканал" ұйымы өзінің міндеттемелерін Жобаны Орындау және Көмекші Заем туралы Келісімге сәйкес орындамаған кезде көмекші заемнан қаржыландырылатын тауарларды және жұмыстарды пайдалануға "Водоканал" ұйымының құқығын тоқтата тұру немесе тоқтату құқығын беру;

(m) және ЖОба аяқталған кезде - Заем алушы үшін қолайлы тәсілде және мерзімде

Заем алушыға Жобаның аяқталуы туралы есепті ұсыну.

3. Жобаның Орындалуы және Көмек Заем туралы Келісім нақты жылға арналған Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісімдермен толықтырылады. Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісімнің дайындалуына және орындалуына байланысты мынадай рәсімдер орындалады:

(а) әрбір күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейін Атырау - қосымшаның 4-тармағында айтылған шарттар мен ережелерден тұратын әрбір күнтізбелік жылға Облыстық Әкімшілігі ұсынылып отырған Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісім (оның жобасын) дайындайды және мұндай ұсынылып отырған Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісімді Банкке оның қарауына және түсініктемені беруіне сынады; және

(b) Банк қарағаннан кейін және ұсынылып отырған Қаржылық және оның

жағынан Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісімдерге қатысты қарсылық болмаған кезде Атырау Облыстық Әкімшілігі мен "Водоканал" ұйымы тез арада Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісім жасайды.

4. Әрбір Қаржылық және Шаруашылық Қызметтің Орындалуы туралы Жыл Сайынғы Келісім бір жылдың ішінде "Водоканал" ұйымы қол жеткізуі керек шаруашылық және қаржылық мақсаттарды қамтиды.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.